


ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ШОЛУ 2025 жылдың ІІІ-тоқсаны

Халық депозиттері нарығының даму барысы


Жеке тұлғалардың депозиттері 2025 жылдың үшінші тоқсанында өсуін жалғастырды. Бұл әрине, осы қаржы құралының халық үшін өзінің тартымдылығын сақтағандығын білдіреді. Жылдық инфляция қыркүйектің қорытындысы бойынша 12,9%-ды құрады. Естеріңізге салсақ, қаңтарда 8,9%, ал маусымда 11,8% болған еді¹. Халықтың атаулы табысының индексі тамыз айының қорытындысы бойынша 110,4%-ға тең. Нақты табыстар индексі инфляцияны есепке ала отырып, 98,4%²-ды құрады. Соған қарамастан халық депозиттерінің көлемі өсуін жалғастырды: үшінші тоқсанда өсім 1 трлн астам теңгені құрады немесе 4,0%-ды құрады. Ал бір жылдың ішінде өсім 18,2%-ға жетті. Бұл көрсеткіштер жеке тұлғалар банк салымдарын қолда бар ақшаларын инвестициялайтын және инфляциялық тәуекелдерден сақтайтын негізгі қаржы құралы ретінде қарайтындығын тағы да растайды. Оның үстіне қазір сыйақы мөлшерлемелері де өте тартымды болып отыр (1,2 сурет). Халық арасында жүргізілген сауалнама да мұны растайды. Оны Ұлттық Банк жариялаған болатын. Соған сәйкес, жауап бергендердің 84%-ы ақшаларын банк депозиттерінде сақтағанды жөн көреді³.

Теңгелік депозиттер бүкіл депозит нарығының жетекші күшіне айналды. Ал валюталық депозиттердің көлемі керісінше, біртіндеп төмендеуде. Ұлттық валютадағы депозиттердің үлесі үшінші тоқсанда бүкіл халық депозиттері өсімінің (4,0%-дың) 3,7%-ын құрады. Ал валюталық салымдардың үлесі бар болғаны 0,3% болды (3-сурет). Егер ұзақ мерзімді кезеңді алатын болсақ, мысалы, соңғы 5 жыл ішінде теңгелік депозиттердің көлемі 2,5 еседен астамға өссе, валюталық депозиттердің өсу көлемі үштен бірді құрады. Теңге бағамының өзгеруі қазіргі долларсыздану үрдісіне әсер ете алған жоқ – үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша шетел валютасындағы депозиттердің үлесі 0,6 пайыздық тармаққа (бұдан әрі – п.т.) төмендеп, 22,5%-ды құрады. Бұл тарихи минимум (4-сурет). Валюталық депозиттердің мұндай деңгейіне қарап, халық салымдарының долларсыздануы қауіпсіз деңгейде екендігін⁴ және Қазақстанның экономикасы долларсыз мемлекет атануына жақын қалғандығын айтуға болады. Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) зерттеуіне сәйкес ел экономикасының долларлануы депозиттердің долларлану деңгейімен де анықталады. Айталық, валюталық депозиттерінің алар үлесі 20%-дан кем болған мемлекетті экономикасы долларсызданған мемлекет деп атауға болады⁵.


1-сурет. Жеке тұлғаларға тиесілі депозиттердің көлемі ұлттық валютадағы салымдар есебінен өсуін жалғастырды



2-сурет. Депозиттердің тартылуы үшінші тоқсанда триллион теңгеден жоғары белгіде тұрақтады



3-сурет. Валюталық депозиттердің көлемі үшінші тоқсанда айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ



¹ Ұлттық статистика бюросы, <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/prices/publications/>

² Ұлттық статистика бюросы, <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/>

³ Жинақ ақшалар туралы тұрғындар арасында сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша талдамалы анықтама <https://nationalbank.kz/ru/page/razovyy-opros-naseleniya-o-depozitah>

⁴ шетелдік зерттеулердің көрсетуінше, валюталық депозиттер үлесінің 30%-дан аспауы құптарлық деңгей болып саналады

A. Kokenyne, J. Ley, R. Veyrune, 2010, «Dedollarization», IMF Working Paper

A. Bennett, E. Borensztein, 1999, «Monetary Policy in Dollarized Economies», IMF Occasional Paper No. 171

⁵ Paul Castillo, Ruy Lama, and Juan Pablo Medina, 2024 Escaping the Financial Dollarization Trap: The Role of Foreign exchange Intervention, IMF Working Papers Volume 2024: Issue 127

Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы⁶


Қазір салымшылардың барлық санаты депозиттерге қызығушылықпен қарайды. Бұл сегменттер тұрғысынан алғанда нарықтың тұрақты құрылымының сақталуымен расталады. Бұқаралық сегмент – әлі де нарықтың дінгегі. Жалпы депозиттік портфельдегі алар үлесі 48,2%-ды, ал ұлттық валюта бойынша 55,7%-ды құрайды (5-сурет). Бұқаралық және орта сегменттердегі жинақ ақшалар халықтың күнделікті міндетті шығындарынан қалған ақшалар және адамдар оларды негізінен қысқа және ұзақ мерзімді қажеттіліктеріне және күтпеген шығындарға деп «қауіпсіздік көпшігі» ретінде жинайды. Сәйкесінше бұқаралық және орта сегменттер ұлттық валютадағы депозиттерге ақша салғанды жөн көреді. Өйткені жаңа айтып өткеніміздей, олар ел ішіндегі шығындарға жұмсалады. Бұдан басқа, теңгелік депозиттердің табыстылығы валюталық депозиттерге қарағанда жоғары. Сәйкесінше қаражаттың сатып алу қабілетін сақтауға мүмкіндік береді. Бұл ақшаны жинау мен шығындаудың арасында үйлесімділік сақтауға септігін тигізеді. Демек салымшылар үшін теңгелік депозиттер ең ұтымды таңдау болып тұр. Шетел валютасындағы депозиттер бойынша ірі сегменттің алар үлесі жоғары: 62,8%. Өйткені мұндай салымшылардың жинақ ақшалары қомақты және олар үшін табыстың жоғары болғаны емес, ақшаның толығымен сақталуы және әртараптандырылуы маңызды.

Ірі және орта салымшылар жинақ ақшаларының қомақтылығына байланысты тұтынушылық инфляцияға төзімдірек келеді. Бұл олардың депозиттік портфелінің өсуіне оң әсер етеді. Ал бұқаралық сегменттің үлесі бір жыл ішінде 1,3 п.т-қа азайып, ірі және орта салымшылардың үлесі осы көрсеткішке ұлғайды. Табысы жоғары салымшылар өздерінің тұтыну шығындарын азайтпай-ақ, жинақ ақшаларын көбейтуге мүмкіндіктері бар. Бұқаралық сегменттің салымшыларына бағалардың өзгеруі қатты әсер етеді. Жалпы, сегменттердегі бұл өзгеріс халықтың атаулы табысының өскендігін білдіреді. Соның нәтижесінде бұған дейін бұқаралық сегментте болған кейбір депозиттер орта сегментке өтті. Сонымен жылдық тұрғыда барлық сегменттерде тұрақты өсу қарқыны сақталуда – бұқаралық сегменттің депозиттері 15,1%-ға өсті. Бұл ағымдағы сыйақы мөлшерлемелеріне тең десе де болады. Ал орта және ірі сегменттердегі депозиттердің үлесі сәйкесінше 24,2%-ға және 19,5%-ға жоғарылады (6-сурет).


Салымдарды мерзімділік өлшемшарттары бойынша орналастыру құрылымы

Ақша қорын жинаудың тұрақты өсуі – салымшылар мен банктер арасындағы өзара тиімді келісімнің нәтижесі. Мерзімсіз салымдар әлі де ең танымал және ең қолайлы салым түрі болып қалуда. Олар нарықтың 57,4%-ын алып жатыр. Алайда үшінші тоқсанда ең жоғары өсу


4-сурет. Депозиттердің долларлану деңгейі «долларланбаған экономика» шегіне етене жақындады



5-сурет. Бұқаралық сегмент депозиттік базаның негізі болып қалуда



6-сурет. Ұлттық валютадағы салымдар депозиттер өсімінің басты қозғаушы күші болып қалуда



⁶ Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер; ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер

қарқынын жинақ және мерзімді салымдар көрсетті – 12,0% және 28,0%. Осы ретте жинақ салымдар жылдық тұрғыда 66,4%-ға, ал мерзімді салымдар 8,6 есеге өсті. Жинақ салымдардың табыстылығы ең жоғары. Сәйкесінше олар бойынша мерзімінен бұрын ақша алу жағынан қатаң шектеулер қойылған. Жинақ салымдардың өсу қарқыны соңғы кезге дейін ең жоғары болып келді. Бұл тұрғыда мерзімді салымдардың сыйақы мөлшерлемелері аздап төмендеу. Бірақ икемділігінің арқасында мерзімсіз салымдар мен жинақ салымдардың арасынан орын алатын үйлесімді салым түріне айналды. Соның арқасында банктер мен салымшылардың мерзімді салымдарға деген қызығушылықтары артуда. Осылайша мерзімді депозиттер мен жинақ депозиттердің өсу қарқыны жоғары болғандықтан, еліміздің банк секторындағы тұрақты ақша қорын жинау деңгейі⁷ тоқсан ішінде 2,0 п.т.-қа көтеріліп, 20,5%-ды (7-сурет) құрады.

Сыйақы мөлшерлемелері

Тұрғындар үшін салымдардың барлық түрі бойынша табыстылық тұрақты жоғары деңгейде тіркелді. Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі 2025 жылдың наурызында көтерілген болатын. Үшінші тоқсанда бұрынғы деңгейінде сақталды. Банктер ағымдағы ақша-кредит саясатына бейімделу аясында өздерінің депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін негізінен екінші тоқсанда қайта қарады. Ал үшінші тоқсанда нарықтық мөлшерлемелер тұрақты деңгейде сақталды. Қыркүйек айының қорытындысы бойынша:


- халық арасында өзінің аса икемділігімен ерекше танымал болған мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме 15,0% деңгейінде қалыптасты (8-сурет);

- толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме салымның мерзіміне қарай 10,5%-дан 18,1%-ға дейін қалыптасты (9-а сурет). Нарықта ең табысты депозиттер – 1 айдан 6 ай мерзімге дейін ашылатын, толықтыру құқығы жоқ салымдар;

- толықтыру құқығы бар мерзімді және жинақ салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелер 11,8%-дан 17,6%-ға дейінгі ауқымда қалыптасты (9-б-сурет).

2025 жылдың қазан айында Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің өсуі нәтижесінде инфляциялық серпінді тұрақтандыру мақсатында⁸ жекелеген банктер өздерінің депозиттері бойынша мөлшерлемелерді көтерді. Алдағы уақытта банктердің сыйақы мөлшерлемелерін белсене қайта қарай қоюы неғайбыл. Өйткені ағымдағы табыстылықтың өзі банктің міндеттемелері, оның ішінде депозиттер бойынша міндеттемелеріне⁹ қатысты

7-сурет. Тұрақты ақша қоры тұңғыш рет депозиттердің жалпы көлемінің бестен бір бөлігін құрады




8-сурет. Мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлемені сақтау аясында 15% деңгейінде тұрақтады



9-сурет. Толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар – салымшылар үшін ең тартымды қаржы құралдары болып қалуда

а) толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер




⁷ Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі мен мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіндегі салымдарды қоспағанда, жеке тұлғалардың теңгеде ашылған депозиттерінің жалпы көлемінде мерзімді және жинақ салымдардың үлесі

⁸ «Базальдық мөлшерлемені 18%-ға дейін көтеру туралы», <https://www.nationalbank.kz/ru/news/press-relizy/17964>

⁹ Банктер орталық банктің корреспонденттік шотында немесе басқа өтімді активтерде мысалы, банктің өзінің кассасында қолма-қол ақша түрінде сақтайтын минималды қаражат көлемі. Бұл қаражаттың деңгейі банктің міндеттемелерінің көлеміне тікелей байланысты. Орталық банк, <https://nationalbank.kz/ru/page/minimum-reserve-requirements> «Басқарманың минималды резервтік талаптар мәселелері бойынша қаулы қабылдауы туралы», <https://nationalbank.kz/ru/news/informacionnye-soobshcheniya/17813>

минималды резервтік талаптардың өскендігін есепке алар болсақ, әжептеуір жоғары деңгейде.

Осылайша үшінші тоқсан жеке тұлғалардың депозиттік нарығы үшін оң сипатта аяқталды. Депозиттердің көлемі триллион теңгеден астамға өсті. Бұл ретте депозиттердің долларлануы тарихи минимумға жетті. Салымшылар өздерінің депозиттік портфелін әртараптандырып, мерзімді және жинақ салымдарға қызығушылық танытуда. Нәтижесінде тұрақты ақша қорын жинау үлесі жеке тұлғалардың депозиттері көлемінің бестен бір бөлігін құрады. Депозит базасының өсуі азаматтардың банк жүйесінің тұрақтылығына сеніммен қарайтындығын, және депозиттердің түсінікті, сенімді және табысты қаржы құралы ретінде салымшылар арасында өте танымал екендігін білдіреді.



* Нарықтық мөлшерлеме есебіне банктердің сыйақы мөлшерлемесі 0,1%-ға тең немесе төмен салымдары қосылмайды. Осыны ескере отырып, мерзімі 1 айға дейін болатын, толықтыру құқығы бар, тұрақты салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме жоқ, өйткені бұл санатта мөлшерлемесі 0,1%-дан төмен overнайт қарыздары басым.